

А 2009  
20475к

Б. КЕНЖЕБАЕВ



# Журналы

Мұхаметжан  
СЕРАЛИН



Б. КЕНЖЕБАЕВ

*Журналист*  
Мұхаметжан  
С Е Р А Л И Н



---

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
Алматы—1957

## АВТОРДАН

Мұхаметжан Сералиннің өмірі мен қоғамдық қызметтері, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары мен әдеби, публицистік шығармалары келешекте үлкен монографиялық кітап болып шығуға тиіс. Оған дейін, Мұхаметжан Сералин туралы әзірге қысқаша түсінік беруді мақұл көрдік. Міне бұл кітапша сол мақтаспен шығарылып отыр.

*Автор*

Редакциясын басқарған тарих  
ғылымының кандидаты.  
*Т. Шойынбаев*

## МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИННИҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы белгілі қоғам қайраткері, журналисі Мұхаметжан Сералин 1872 жылы бұрынғы Қостанай уезі, Шұбар болысының бесінші ауылында (кәзіргі Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, «Өрнек» колхозы) туған.

Мұхаметжанның әкесі Сералы, атасы Тұрсынбай. Сералы қайтыс болғанда Мұхаметжан үш жаста екен.

Мұхаметжанның шешесі күйеуі өлгеннен кейін жас үш баласымен Тройцк қаласына көшеді. Өзінің сондағы туысқандарының қолына барып тұрады. Бір байдың жүн жуатын кәсіпорнына («мойкаға») кіріп жұмыс істейді. Жұмыстан қолы бос кезінде әл-ауқатты адамдардың кірін жуады, үй шаруасын істейді. Осылай, көп жылдар бойы балаларын асырап, күнелтеді.

Мұхаметжан 8 жасында медреседе оқыйды. Ол оқып жүріп, шыны сауыттарды жамауды үйренеді. Сынған, жарылған кесе, табақ, шайнек сыяқты ыдыстарды жамап, ақша тауып, шешесіне көмектеседі.

Мұхаметжан медреседе алты-жеті жыл оқыйды. Мұсылманша орта дәрежелі білім алады. 1887 жылы Мұхамеджан Қостанай уезінің Бестөбе болысындағы Арыстан деген жездесінің қолына барып тұрады. Онда жаздыкүні Арыстанның үй шаруашылығында істеп, қыстыкүні соның балаларымен бірге Қостанайға барып, орысша оқып жүреді. 1891 жылы ол Қостанайдағы екі класты орыс-қазақ мектебін өте жақсы бітіріп шығады.

1891 жылы Арыстан өзінің бір баласы мен Мұхаметжанды Орынборға алып барады. Екеуін сондағы оқытушылар әзірлейтін училищеге оқуға түсірмек болады. Мұ-

хаметжан емтиханнан жақсы өтіп, оқуға алынатын болады да, Арыстанның баласы емтиханнан өте алмайды, училищеге алынбайды. Өз баласы алынбаған соң Арыстан Мұхаметжанды да оқуға түсірмейді, еліне алып қайтады.

1891—1900 жылдар арасында Мұхаметжан біраз уақыт Арыстанның үйінде тұрады, соның түрлі жұмыстарын істейді, ауылнайда хатшылық жұмысын атқарады.

Арал теңізі жағасындағы 4 ауылда алғашқы қазақ мектебі ашылады. Мұхаметжан осы мектептің оқытушысы болады.

1900 жылы ол Тройцк қаласына барады. Сондағы Яушев деген миллионер татардың қызметін істейді. Әуелі, бір-екі жыл оның тері, жүн сатып алатын дүкенінде сорттаушы болып істейді, кейін, бірнеше жыл оның магазиндерінің бірінде сатушы болады, ел аралайды, Яушевтің әркімдерге қарызға берген товарларының ақшасын жыйнайды.

Сөйтіп жүріп ол халықпен араласады, оның тұрмысымен танысады, дала жайы мен қала жайын, ауыл тұрмысы мен қала тұрмысын салыстырады, қазақ халқының саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен мүлде артта қалғандығын айқын көреді.

Орысша, татарша газет, журналдар алып, жұмыстан қолы босағанда кітапханаға барып, түрлі кітаптар оқып, білімін, мәдениетін көтереді, әдеби-творчестволық және саяси-әлеуметтік қызметке әзірленеді: орыс халқының классик әдебиетін шұғылданып оқыйды, қазақтың тарихын, бұрынғы-соңғы әдебиетін зерттейді.

Осылардың нәтижесінде Мұхаметжан Сералин бірсыпыра мысал өлеңдер жазады; 1900 жылы «Топжарған», 1903 жылы «Гүлкәшима» деген поэмалар жазады.

Мұхаметжан Сералин большевик социал-демократтардың Қостанай, Тройцкідегі ұйымының С. С. Ужгин сияқты біраз адамдарымен танысады, олардың саяси жолын іштартады, жұмыстарына көмектеседі. Әсіресе 1905—1907 жылдардағы революция кезінде, онан кейін де большевиктердің үндеулерін, листовкаларын қазақ тіліне аударысады.

С. С. Ужгин қазақ оқығандарынан Мұхаметжан Сералин мен Спандияр Көбеевті өздеріне тілектестер ретінде тартады. Қазақ арасында көбінесе солар арқылы жұмыс жүргізеді.

№ 5  
 1912 г.  
 М. А. Ш.  
 1930  
 1912 жыл май ажурда  
 5-нөмір  
 1930  
 1912 жыл  
 1930 жыл  
 1912 жыл  
 1930 жыл

# АТҚА

ТРОИЦКЕ АЙНДЫ ДИМБЕК ҚАЗАҚШЕ ХАҚА ТУШЫН ЗОРНАЛ

## БАСҚАЛЫҒАН СӨЗДЕР:

- |                          |                        |
|--------------------------|------------------------|
| Суретің ем аяқкі Хирр    | Суретің                |
| Басқармаме қилеман Хитлр | Канон айтудомр тұросте |
| Қиле-тон:                | Нағше Фарақ Хирр Хабен |
| Аула Ана Син Мект Арлс   | Харо-Триси             |
| Дала, тала               | Баян Аул Хабен         |
| Аула-Хит-Хир:            | Айтмезр Болнабей       |
| Трос                     | Қазит ем Зорналар      |
| Хар-Хитлор               |                        |

ТРОИЦКЕ  
 типография "Энергия"  
 1912

1906 жылы мемлекеттік бірінші Думаға депутаттар сайлауы жүреді. Торғай облысына екі орын беріледі. Оның бірі қазақтар арасынан, екіншісі орыстар арасынан сайлануға тиісті болады. Сонда большевиктер қазақ арасынан Мұхаметжан Сералин сайлансын деп ұсыныс жасайды.

Бірақ большевиктердің бұл ұсынысы өтпейді. Қазақтың би-болыстары, бай-феодалдары және бірқатар оқығандары Мұхаметжан Сералинді: ол діннен безген, қазақты хрестьян болуға үгіттеп жүрген адам деп өткізбей тастайды.

Мұхаметжан Сералин елдің саяси, шаруашылық, мәдени тұрмысымен танысуы арқасында қазақ тілінде журнал шығару қажет екен деген ойға келеді. Өзінің елдегі, қаладағы көңілдес адамдарымен келісіп, сол журналды шығаруға әрекет жасайды: қаржы жыйнайды, өкіметтен рұқсат сұрайды, баспахана қарастырады.

Мұхаметжанның қазақ тілінде журнал шығару жөніндегі ізгі ойы 1911 жылы орнына келеді: сол жылы январь айынан бастап Тройцк қаласында «Айқап» журналы шыға бастайды. Оның шығарушысы да, редакторы да Мұхаметжан Сералиннің өзі болады.

М. Сералин «Айқап» журналын шығарумен бірге Тройцкідегі қазақ оқушылары арасында тәлім-тәрбие жұмыстарын да жүргізеді. Бұл кезде Тройцкіде «Узифа» медресесі, ер, қыз балалар гимназиялары бар еді. Оларда қазақтан бірсыпыра жастар оқушы еді. Мұхаметжан оқта-текте сол оқушы жастардың басын қосып, оларға қазақ халқының тарихы, сол кездегі хал-жайы, болашағы туралы баяндамалар жасап, лекциялар оқып жүреді.

«Айқап» журналы 1915 жылы сентябрь айында жабылады. Журнал жабылғаннан кейін Мұхаметжан біраз уақыт сол Тройцкіде орыс тілінде шығып тұратын «Степь» газетінің редакциясында қызмет істейді. 1916 жылы өз ауылына көшіп кетеді. 1919 жылдың басына дейін сонда тұрады.

Мұхаметжан Сералин «Айқап» журналында қазақ халқын отырықшы болуға, поселке салуға, егін шаруашылығымен айналысуға насихаттайды. Еліне келгеннен кейін ол өзінің осы насихатын жүзеге асыруға әрекет істейді: өз ауылын, басқа да өзінің сөзі өтетін ауылдарды жыйнап, Ақсор деген өңірден жер кестіріп алып, белгілі



жоспар бойынша поселка салдырады, ол Сералы поселкасы деп аталады.

Поселкенің көшелеріне ағаштар отырғыздырады, ортасынан мектеп, медресе, кітапхана, монша, диірмен салдырады. Кітапханаға өз кітаптарынан біраз кітаптар береді, Москва, Петербург, Ташкент, Орынбор, Уфа, Қазан қалаларында шығатын бірқатар газет, журналдарды жаздырады, кітаптар алдырады. Мектеп, медресенің оқытушылары да Уфа, Қазан, Орынбор, Троицк сыяқты қалалардан алдырылады.

Поселкенің жанындағы Ақсай деп аталатын бір сайды көптің күшімен бөгетіп, су қоймасын жасайды, жұртқа бау-бақша, огород, ағаш егудің пайдасын түсіндіреді, әр үйге бау-бақша, огород, ағаш еккізеді. Сералы поселкасынан үлгі алып, Шұбар болысының басқа жерлерінде де халық отырықшы болып, поселка сала бастайды. Мәселен, Жарсор деген алқапта поселка салынады. Онда да әлгідей шаруашылық, мәдени орындар болады.

Мұхаметжанның Оспан деген ағасының баласы Ақыш Челябин облысы, Полтава ауданының, Полтавка поселкасында тұрады екен, ол 1882 жылы туған, қазақша да, орысша да сауатты, кәзір Ақыш қарт пенсия алып тұрады. Біз 1955 жылы осы кісіні әдейі іздеп барып, әңгімелестік, ол Мұхаметжан Сералин туралы бізге тағы да біраз мәліметтер берді, — 1917 жылы, деп бастады ол бізге әңгімесін, — көктемде, бір күні көршіміздегі орыс поселкесіне бардым. Сондағы Тимофей Комлев деген таныс орысқа жолықтым. Ол Троицкіге барып келген екен. Нендей жаңалық бар деп сұрағанымда ол маған:— жаңалық сол— кеше, 12 март күні Николай тақтан түсіпті, осылай деп Троицкіге телеграмма келіпті, — деді.

Мен осы хабарды Мұхаметжанға айтып келдім. Айтқанда осындай өтірік естідім дедім. Ол кісі:— жоқ, бұл өтірік емес, шын. Осы оқыйға 1905 жылы бола жаздап, болмай қалып еді. Бірақ жуық жылдарда болуға тиісті еді. Быйыл болған екен деп, қуаныш білдірді.

1919 жылдың басында Мұхаметжан Сералин Орынбор қаласына барады, алғашқы рет совет өкіметінің қызметіне кіреді: Губерниялық жер-су бөлімінде істейді. Сонымен бірге, Орынбордағы қазақ өлкесін басқаратын соғыс-революция комитетінің қазақ тілінде тұңғыш рет шыққан «Ұшқын» газеті редакциясының алқа мүшесі болып

істейді. Осы, Орынборда істеп жүрген кезінде Мұхаметжан партияға кіреді.

1920 жылдың аяқ кезі мен 1921 жылдың бас кезі шамасында Мұхаметжан өз еліне қайтады. Онда Шұбар болыстық атқару комитетінің председателі болып қызмет істейді. Сонымен бірге Болыстық атқару комитеті жанындағы партия ұясының секретары болып сайланады.

Бұл кезде халықтан салық азық-түлік түрінде алына-тын еді. Осы салықты жыйнау үстінде Мұхаметжан байлар мен кулактарға қарсы батыл күрес жүргізіп, өкіметке астық және басқа азық-түлік жөнінде күрделі көмек көрсетеді.

Сол Шұбар болыстық атқару комитетінің председателі болып тұрғанда Мұхаметжан халық арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын өркендетуге көп күш салады. Болыс орталығынан клуб, ауылдың әр жерінен мектептер ашады.

1922 жылы Қостанай өз алдына губерния болып құрылады. Осы кезде Мұхаметжан Сералин губерниялық қызметке шақырылады.

Сол жылы, сентябрь айында Советтердің Қостанай губерниялық 3 съезі болады. Съезде Мұхаметжан Сералин әрі губерниялық жер бөлімінің бастығы, әрі Губерниялық Атқару Комитеті председателінің орынбасары болып сайланады.

1922 жылдың қысында Советтердің бүкіл казакстандық бірінші съезі болады. Мұхаметжан соған делегат болып барады.

1923 жылы, сентябрь айында Қостанайда Губерниялық партия комитеті мен Атқару Комитетінің тілі болып «Ауыл» газеті шығады.

Мұхаметжан 1926 жылға дейін осы «Ауыл» газетінің редакторы болып тұрады. Бұл газетте оның көптеген мақалалары шығады.

Мұхаметжан Сералин 1923 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне мүше болып өтеді, 1924 жылы, январь айында Советтердің Бүкілроссиялық II съезіне, делегат болып сайланады. В. И. Ленинді жерлеуге қатынасады.

1926—1928 жылдар арасында Мұхаметжан Сералин біраз уақыт Губерниялық Атқару Комитеті председателінің орынбасары болып, содан кейін Губерниялық партия Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің бастығы болып қыз-

мет істейді. Осы жұмыста жүріп, 1928 жылы науқастанып, еліне қайтады.

Мұхаметжан біраз емделгеннен кейін, тәуір болып, өз ауылында қарыз серіктігін, жерді бірлесіп пайдалану серіктігін ұйымдастырады. Соларды өзі басқарып, өкіметтен шаруаларға ақша, тұқым, күш-көлік, соқа-сайман алып беріп, аулының шаруашылығын жаңа, мәдени жолға салады.

«Айналдырған ауру алмай қоймайды» деп, 1929 жылдың жазында Мұхаметжан қайтыс болады. Оның сүйегі кәзіргі Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы «Өрнек» колхозының жеріндегі үлкен зыяратқа қойылды.

Мұхаметжан Сералиннің ауылында туып, Қостанайда біркезде онымен қызметтес болған, ақырғы рет оны 1929 жылы май айында көрген Еленов Жұмаш Мұхаметжан жөнінде былай дейді:

Соңғы кездескенімде Мұхаметжанның айтқан бір сөзі менің әлі есімде: Ол, «заманым келіп еді. Білімімді, қолдан келген қызметімді ел үшін аянбай жұмсайтын кезең туып еді. Бірақ, амал не, науқас айналдырды: басым айналады, көзім қарауытады, дәрмен жоқ. Төсекте жатсам да, төніректегі енбекшілерге бас-көз болып, әлі де шамам келгенше қызмет етудемін» деді.

Сол Жұмаш Еленовтің жазуы<sup>1</sup> бойынша Мұхаметжан әлпетті, аласа бойлы, толық, дембелше келген кісі екен. Ел оны көбінесе Мұхаметжан демей, «Бақа кожа» (руы кожа болғаны үшін), «Мұқат» дейді екен. Газет, журналдарға жазған бірсыпыра мақалаларына Мұхаметжан «Мұқат», «Мыс» деп те қол қояды екен.

Міне, әлеумет қайраткері, ақын, журналист Мұхаметжан Сералиннің қысқаша өмірі мен қоғамдық қызметі осындай.

<sup>1</sup> Ж. Еленовтің Мұхаметжан жөніндегі қолжазбасы — Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы.





## МҰХАМЕТЖАННЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мұхаметжан Сералиннің бізге жеткен әдеби шығармалары онша көп емес. Небәрі үш поэма: «Гүлкәшима», «Топжарған», «Рустем Зорап» (аударма); бес-алты өлең: «Бай, патша һәм кедей», «Бай, қасқыр, аңшы», «Ленин», «Жоқтау» және бір очеркі мен бір әңгіме: «Жусан» (аударма), «Қайғылы кара күндер».

Кейбіреулердің айтуына қарағанда, Мұхаметжан Сералиннің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын жазған «Бай, патша һәм кедей», «Бай, қасқыр, аңшы» деген өлеңдері баспа жүзін көрмеген, тек гектограф арқылы көбейтіліп, ел арасына қолдан қолға таратылған, олар байлардың зұлымдығын әшкерелейтін мысал өлеңдер болған<sup>1</sup>. Ал, ақынның басқа әдеби шығармаларының бәрі де өз кезінде газет, журналдарда шыққан, кітап болып басылған.

«Гүлкәшима» (1901 жылы жазылып, 1903 жылы Орынборда шыққан) қазақ халқының сол кездегі өмірінен алынып жазылған реалистік-романтикалық, сюжетті поэма. Оның негізгі идеясы адамның бас бостандығы, әйел теңдігі; ізгі тілектеріне жете алмай арманда өткен екі жастың, бір-біріне шын ғашық қазақ қызы Гүлкәшима мен қазақ жігіті Баймағамбеттің әңгімесі.

Поэма үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімі — жазушының көрген-білген бір оқыйғасы; екінші бөлімі —

<sup>1</sup> С. Ужгин. М. Сералин туралы есімде қалғандар. Қолжазба. Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих институтында.

گول كاشيه



محمد جان پيراي مومنه اوغلى نىنگ شىعارمار قىصهسى

Ташкент: «Илғам» н.и.б. 1991 йил.  
Саноатдаги тиражи 10 000 экз.

Гүлкәшима мен Баймағамбеттің ғашықтық әңгімесі, үшінші бөлімі — автордың қортындысы.

Бір жылы ақын Қостанайда болған покров жәрменкесіне барады, бара жатып жолда Тілеуберген деген шалдың үйіне қонады. Тілеуберген Сыр бойынан көшіп келіп отырған жалғыз үй — кемпір-шал екен, Баймағамбет деген жалғыз баласы ғана бар екен. Ақын қонған күні бала бір жаққа кетіп, келмей қалады. Жәрменке базарында жатып ақын бір күні Тобыл бойында өзін өзі бауыздаған бір адам туралы хабар есітеді.

Аяғы жәрменкенің таркар шақта,  
Ғажайып естілмеген хабар білдік.  
Өліктің өзге жері сау-саламат,  
Болғаны бауыздауда жалғыз жара.  
Тобылдың алабында, тал ішінде,  
Жанында пышақ, қалам, сыя-қара.  
Киімін ол байғұстың ақтарғанда,  
Бір қағаз қалтасынан шыққан және.

Сұрастыра келгенде, ол әлгі кемпір-шалдың баласы Баймағамбет болып шығады. Қайту сапарында ақын Тілеубергеннің үйіне келеді. Кемпір-шал қатты қайғы үстінде баласының әрі ақын, әрі білімді екенін айтады, сандықтан оның оқыған кітаптарын, жазған өлеңдерін алып көрсетеді.

Ішінде кітаптар бар, қағаздар бар,  
Тексердім бастан аяқ көп ақтарып,  
Жігіт емес Баймағамбет зейіні тар.  
Жел сөзге болған екен арғағы жар.  
Ғалымдық һәм ақындық бір өзінде,  
Ғылымнан нешәтүрлі кітабы бар.  
Сандықта өлеңдер бар нешәтүрлі,  
Аралап пақырыңыз бәрін көрді.  
Жазыпты Баймағамбет өз қолымен,  
Бір дәптер тауып алдым өлең-жырды.  
Дәптерде өз ахуалын баян еткен,  
Өлеңге шебер екен болмай кеткен.  
Ғашықтық саудасына душар болып,  
Ақыры ол саудада қаза жеткен.

Ақын кемпір-шалдан Баймағамбеттің өлең жазған дәптерін сұрап алады. Келесі жылы барып, Баймағамбеттің моласын көреді:

Тобылдың суы терең, жары биік,  
Қорғалар алабында қашқан киік.  
Басында биік шынның тамды мола,  
Молаға шоқ тал біткен басын иіп.  
Басына көк тас қойған жылын айтып,  
Марқұмның қабырдағы сырын айтып — дейді.

Тастағы жазуды келтіреді. Бұдан кейін автор:

Мне, мен' көргенімді айтып болдым,  
Неше күн қалам алып бйнет көрдім.  
Сондықтан шыққан дәптер, қалтада өлең,  
Барлығын тіркей жазып қисса қылдым...  
Қиссаға «Гүлкәшима» есім бердім,  
Бір ғибрат заманаға бола ма деп,  
Қызыл гүл тау аралап, тастан тердім—  
дейді.

Қиссадағы Баймағамбет дәптерінің қысқаша мазмұны мынадай: Көктемде Сыр елі Арқаға көшіп келеді. Олардың ішінде Тілеубергеннің жақындары, таныстары болады. Баймағамбет амандасуға Сырдан көшіп келген ауылға барады. Сонда Медетбай деген байдың үйінде болып, оның Гүлкәшима деген қызын көріп, соған ғашық болады. Өйткені қыз әрі ақын, әрі ақылды, әрі сұлу болады:

Таранған тоты құстай бір асыл зат,  
Меңзесем хұр қызына болмайды ұят,  
Ақ жүзді ақылы кәміл, шырын сөзді,  
Үстіне сәндік үшін киген манат.  
Көп артық ұзын емес, орта бойлы,  
Аса көп сөйлемейді, терең ойлы,  
Күлгенде екі беті шұқырайып,  
Сүйкімді көрінеді жүзі нұрлы.  
Ақ екен ақ инжуден отыз тісі,  
Болғанда маңдай жазық, қызыл жүзі,  
Татыйды шекер-балдай айтқан сөзі,  
Жігіттің тұла бойын балқытады,  
Қараса жаудыраған қара көзі,  
Тігілген кірпігі оқтай, жайдай қасы,  
Өрілген он екі тал желке шашы,  
Үзілген мойны алманың сабағындай,  
Көрініп тамағынан ішкен асы,  
Ақкудай көлде жүзген көлеңдеген...  
Бұралған тал шыбықтай, құмырысқа бел,  
Он бес пен он алтыға келген жасы.

Баймағамбет бұл сырын Сүлеймен деген жігітке айтады. Ол қыздың Сырда айттырған күйеуі бар, бірақ ол қызға тең емес. Сен хат жазып көр, менің інім апарып береді — дейді. Баймағамбеттің Гүлкәшимаға ғашықтығы арта береді. Ақыры ол хат жазады. Хатты жүрегі толықсып, қолы калтырап, қайта-қайта жазып жыртады.

Жеңіліп зейін, ойым тұрған шағым,  
Қалтырар хат жазғанда он бармағым.  
Әшкере ішкі сырды етпек үшін,  
Бармады зорласам да тіл мен жағым.

Ақыры хат жазады, оның басын «дұғай сәлем» деп бастайды. «Күйген соң ғашық отына алдым қалам» деп ғашықтығын былай суреттейді:

Мен бір ай мұнан бұрын сізді көрдім.  
Минәлсіз көркінізге қарай тұрдым.  
Бір ұшқын көзіңізден бізге түсіп,  
Лапылдап өртеп кетті, шыдай жүрдім.  
Күйдірді түскен ұшқын ғашық майын,  
Ауданы үлкейеді сағат сайын.  
Жалыны көпке бармас басылар деп,  
Ол отқа сабыр суын қауғалаймын  
От сөнбей, сабыр суы түгесілді,  
Қауғаға көтерілді ғашық туы.  
Ішімді қатты жанып қайнатқан соң  
Ақылдың көзін шалды нәпсі буы.

Осылайша ол өзінің ғашықтығын түгел айтып, қортындысында қосылайық деген ұсыныс жасайды.

Қыз Гүлкәшима жігіттің сөзіне жауап қайтарады. Өзінің басы бос емес екенін, оған қосылмайтынын айтады:

Мал берген мен біреудің жесірімін,  
Қос жұртты әзіл сөзге қылам ба мәрт,  
Той кылып, құда болып, құйрық жесіп,  
Мал сізге, қыз бізге деп айтылған серт.  
Әркімдер ақылды дер мені мақтап,  
Мен батаны бұзбасын сорын аттап,  
Мойныма жұрт батасы ауып кетсе,  
Құлармыз тар көпірде тайғанақтап  
Миуа жоқ сізге нәсіп бұл шарбақтан,  
Ізденіз ол миуаны бөтен бақтан — дейді.

Жігіт бұған тоқтамай, қыздың аулына барады, қызбен оңаша сөйлеседі. Қыз айтқанынан қайтпайды. Ақыры ол: «тойыма кел, ақырғы пікірімді той үстінде хатпен айтайын» деп уәде береді.

Күзде Гүлкәшиманың тойы болады. Бұған Баймағамбет те келеді. Той бәйге, жарыс, палуан күресі, ойынасауық, жар-жар айтулармен өтеді.

Гүлкәшима, уәдесі бойынша, той үстінде Баймағамбетке хат жазып береді. Хаттың басына «Ішкі сырым» деп жазады. Онда Гүлкәшима өзінің Баймағамбетке ғашық екенін, күйеуін тең көрмейтінін, бірақ енді бәрі кеш екенін, амалсыз айттырған күйеуіне тиіп, Баймағамбетті ойлап, өмір бойы жылай-жылай жүретінін айтады.

Менің де көргеннен-ақ көңлім кеткен,  
Бұл сауда менідағы әуре еткен...



Менің де сізді ойласам ішім жалын,  
Кетеді кей уақытта ықтыарым.  
Дүниеде татар дәмім таусылғанша,  
Жүремін тарта-тарта ғашық зарын...  
Біреуге бір көргеннен ғашық қылдың,  
Ажарсыз бір наданға нәсіп қылдың... дейді.

Мұнан кейін жазушы Тобыл бойында өзін өзі өлтірген кісінің қалтасынан шыққан қағаздың сөзін келтіреді, ол Баймағамбеттің өлер алдында жазған хаты екен, ол хатта Баймағамбет өзінің ғашықтық зарынан өлгенін, ата-анасының айыптамауын өтінеді.

Ғашығы Гүлкәшима баска түсіп,  
Келмеді көтеруге оны шамам...  
Мақсатқа ұйғарылған жетпеген соң,  
Дүниемен қоса құрсын жыйнаған мал...  
Қайғылы тіршіліктен өлген артық,  
Алдында жоқ болған соң ешбір алаң, — дейді.

Қортындысында автор Баймағамбеттің өлімін, Гүлкәшиманың өз теңі емес адамға барып, мәңгі мұңды болып жүретінін, ата-ананың өз баласын малға сататынын, бұған қазақтың ескі әдеті кінәлі екенін айтады:

Бишара Гүлкәшима мұңды емес пе,  
Өмірге шырағы өшкен сорлы емес пе? —  
Ақылы, білімі, ажарын ықтыарсыз,  
Қор еткен бір наданға сорлы емес пе?

деп келеді поэмада. Ақын жастарды оқуға, халыққа қызмет етуге шақырады.

Жас күнің өнер іздер нақ дер шағын,  
Халқыңның ойлай берші оңар жағын.  
Бата сол бізден сізге газиздарым:  
Сор казак көтере бер аруағын — дейді.

Мұхаметжан Сералиннің «Гүлкәшима» поэмасы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш реалистік поэмалардың бірі. Бұған дейін Қазақ әдебиетінде болып келген поэмалар түгелдей дерлік ауыз әдебиеті үлгісіндегі эпостық, салттық жырлар мен ертедегі Шығыс әдебиеті дәстүріндегі ертеқ, қыял-ғажайып қиссалар, дастандар болатын, реалистік поэмалар болмайтын.

Жазушының, бір жағынан, реалдық өмірді, шын тұрмысты, өзі көрген оқыйғаны суреттеп, сол арқылы жастарға ескіден жирен, оған қарсы күрес аш, өнер, білім ізде, халыққа қызмет ет деуі, екінші жағынан, оқыйғаға өзі араласып отыруы, әңгімені көбінше хат ретімен, кейіпкерлердің хат жазысып, сөйлесулері ретімен келтіруі, сю-

жет құруы оның ұлы орыс халқының озат әдебиетінен біраз үйренгенін көрсетеді.

Поэманың идеялық максаты маңызды да, айқын да, оқыйғасымен сюжеті де қызық. Бірақ жазушы негізгі идеясын, көңіліндегі көрікті ойын сюжетке, композицияға кірістіре алмаған: оқыйғаны сюжет арқылы, кейіпкерлердің ісі, мінезі, ойы арқылы суреттеп көрсетпей, жалаң сөзбен, үгіт-насихат етіп айтқан, қызықты сюжетті, жақсы материалды көрікті етіп шығара алмаған, публицистикаға айналдырып жіберген.

Жазушы поэмасында тек ғашықтық әңгімесін, екі жастың арасындағы әңгімені ғана баяндап қоймайды. Сонымен қатар, халықтың тұрмыс-салтын, шаруашылық тіршілігін, табиғат көріністерін де суреттеп отырады. Мысалы, Сыр елінің Арқаға көшіп баруы, арқа елінің егін салатыны, тағы тағылар.

Сонымен, тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан болсын, сюжеті мен композициясының қыйсынды, қызықты болып келуі, реалистік жайларды көрсетуі жағынан болсын «Гүлкәшима» бір қыдыру жақсы, көркем шыққан поэма, бұл өз заманында жаңа көрініс, үлкен табыс.

Мұхаметжан Сералиннің «Топжарған» поэмасы 1900 жылы жазылып, Тройцкіде, «Қызмет» баспасында бөлек кітап болып шыққан. 1915 жылы екінші рет басылды; 1936 жылдан бері орта мектептерге арналып шығып жүрген әдебиет хрестоматиясында үнемі басылып келеді.

«Топжарған» поэмасының тақырыбы қазақ халқының өмірінде ХІХ ғасырдың отызыншы, қыркыншы жылдарында болған оқыйғаға байланысты: Кенесары, Наурызбай бастаған феодалдық-монархиялық қозғалысқа байланысты.

Бірақ Мұхаметжан поэмасында, бұрынғы, өз тұсындағы кейбір акындар сыяқты, Кенесарыны батыр еді, халық қамқоршысы еді деп, Кенесары бастаған қозғалысты халық қозғалысы еді, ұлт-азаттық қозғалысы еді деп дәріптемейді. Қайта оны сынап-мінейді, әшкерелейді: Кенесары тобы — оның өзінің туғандары, руластары, төленгіттері, тағы басқа онан қашқан, мұнан қашқан бұзық, ұры, қу адамдар еді, бәрінін де кәсібі ел тонау, мал-мүлік жыйнау, құл, күң ұстау, ойын-сауық құру еді дейді.

Автор поэмасының басында Кенесарының және оның

маңына жыйналған топтын кәсібін, іс-әрекетін былай суреттейді:

Қаңтарда жылан шықты қыстау еткен,  
Жайлауға Торғай суын көктей өткен.  
Қарасай, Қошалақтың қара отына,  
Наурызбай, Кенесары мал семірткен.  
Қасында төлеңгіті жүз қаралы үй,  
Жігіттің айтқаны өлең, тартқаны күй.  
Кәсібі жортуылдан мал әкелген  
Ханынан жақсы ат тартқан алады сый —  
дейді.

Поэманың бас кейіпкері жас адай жігіті ғашықтық жөнімен немере ағасын атып өлтіріп, өз елінен қашып шығады, бір — екі жыл Теке маңын, Жайық бойын кезіп жүреді, тама, шекті, шеркес ұруларын аралайды, ұрлық істеп күн көреді.

Осылай жүріп кейіпкер бір күні Кенесарының шекті руына мал ұрлау, ел талауға келген үш жігітіне кез болады. Олар адай жігітті ұйықтап жатқанда ұстап алып, атымен тұтқын, олжа етіп, Кенесарыға алып барады, олар бара жатып адай жігітке:

Біз елден апта болды шықтық шетке,  
Шектіден мал алуға келсе епке.  
Талғанда аттың мойны сен кез келдің,  
Құлақ сал, олжаладық, мына келке:  
Біз сені Кене ханға апарамыз,  
Құл қылып бірімізге біз аламыз.  
Қоқаннан саудагерлер келген шақта,  
Құл сатып, олжалы боп біз қаламыз —  
дейді.

Хан алдына барғанда жорықтан қайтқан жігіттер мақтанады: тұтқын жігітті қуып жетіп ұстадық, ат үстінде сайысып жеңіп, байлап-матап алдық дейді. Адай жігіт мұның бәрі жалған екенін, өзінің қапы қалғанын, ұйықтап жатып қолға түскенін айтады.

Таксыр-ау, астымда атым жүйрік желден,  
Жарыста озушы едім қалың елден.  
Қашсам да құтылар ем қолға түспей,  
Үшеуін ат үстінде болсам көрген — дейді.

Сонда әлгі жігіттер ханға тұтқынның сыйықсыз, жаман, жауыр атын әкеп көрсетеді. Хан, тұтқын жігіттің

әлгі сөзіне сенбей және шын жүйрікті таный алмай, оған ертең осы атыңмен қашып көр дейді.

Бұл торың жүйрік болса құтыларсың  
Немесе қуғыншыға тұтыларсың.  
Найзасы жеткен жерде қаза болып,  
Мұны біл, қара жерге жұтыларсың! —  
деп қаһарланды хан.

Бұдан кейін ақын, астарына тұлпар мініп, қашқынды қууға әзірленіп, құнығып тұрған ханның жігіттерін — қуғыншыларды суреттейді:

Бәрі де өңшең бөрі ішкендей қан,  
Тыйындай көрінбейді көзіне жан.  
Жігіттер қатар түзеп тұрған шақта  
Ордадан нөкер ертіп шығады хан...  
Сәлемін берген көптің құп алады,  
Кене хан жан-жағына көз салады,  
Сәулетін батырлардың көргеннен соң.  
Ішінен мақтаныш қып қуанады.

Поэмада, мұнан ары, қашқалы тұрған тұтқын жігіттің қалпы суреттеледі. Ол жаландап тұрған қанішерлердің найзасының ұшында тұрмын деп сезінбейді. Салмақтана түседі. Өтетілеу дегеннің күміс шақшасын сұрап алып, насыбай атады.

Шү деді сонда жігіт амандасып,  
Болсын деп сіздің шақша бізге нәсіп,  
Әржерде көзіңіздей көремін деп,  
Жөнелді сонда жігіт көптен қашып — дейді.

Кенесары жігіттерінің бірі де қашқынның шаңына ілесе алмай қалады. «Пері ме, адамзат па, шайтан ба» деп, ертеңіне жыйналған топ қашқын жігітті әңгімелеп отырғанда, ол есіктен сәлем беріп, кіріп келеді. Өтетілеудің шақшасын өзіне қайырып береді. Кенесары жігіттен оның кім екенін сұрайды. Жігіт оған өзінің әлгі тарихын баяндайды. Ақырында ол өзінің сол өңірге Кенесарыны іздеп келгенін айтады. Өз ықтыярымен Кенесары тобында қалады.

Поэманы оқып шыққанда Кенесары төңірегіндегілер ұрылар, ел тонаушылар, кісі өлтірушілер екені, кісі өлтірген, елінен қашқан ұры адай жігіттің сол ұрылар, кісі өлтірушілер, ел тонаушылар тобына қосылғаны айқын аңғарылады. Поэманың негізгі идеясы да осы.

Рас, поэманың әр жерінде Кенесары мен Наурызбай жөнінде хан, мырза, батыр деген сыяқты мадақ сөздер кездеседі. Бірақ бұл дәріптеу сөздер автордың өз аузынан айтылмайды. Кенесары, Наурызбайдың қасында жүрген адамдар — жеке кейіпкерлердің аузынан есітіледі.

«Топ жарған», сөз жоқ, Кенесарыны, ол бастаған қозғалысты қазақ бұқарасының көзімен көріп, қазақ халқының мүддесі тұрғысынан қарап жазылған, Кенесарының, Кенесары қозғалысының кертартпа, феодалдық-монархиялық сырын әшкерелеп жазылған шығарма.

«Топжарған» поэмасын жазғанда Мұхаметжан Сераллиннің орыс халқының классикалық әдебиетінен, атап айтқанда, Н. В. Гогольден, оның әйгілі «Ревизор» пьесасынан өнеге алғаны айқын көрінеді. «Ревизордағы» сыяқты «Топжарғанда» да аты аталып, жөні, қызметі суреттеліп көрсетілген ұнамды кейіпкер жоқ. Оның ұнамды кейіпкері тақырыпты, оқыйғаны белгілі желімен, халық көзқарасы, халық мүддесі тұрғысынан баяндап отырған автордың өзі.

Осы сыяқты, поэманың сюжеті мен композициясын құруда да ақынның орыс әдебиетінен нәтижелі үйренгені байқалады. Өйткені ол поэмасын, бұрынғы ертеқ, қиссалардағы сыяқты, кейіпкердің туғанынан бастап, өсіп, ержетуін, өмірін, басынан өткен-кеткенін, ерлік ісін түгел баяндап, ақырында оны мақсатына жеткізіп аяқтамаған, оқыйғаны орта жерінен кілт бастаған, басқасын шегіну, жалтару, кейін аңғарту ретімен баяндап, қызықты қыйыстырған.

Яғни «Топжарған» адай жігіттің қолға түсуінен басталады; оқушыны тез тартып әкетеді. Ал, ол жігіттің кім екені, не істегені, ниеті, бәрі поэманың ақырына дейін жұмбақ болып отырады, тек ақырында барып бір-ақ ашылады.

Жоғарыда көрдік, Мұхаметжан «Гүлкәшима» поэмасының да сюжеті мен композициясын, осы сыяқты, қыйсынды, қызықты етіп, орыс әдебиетіндегі реалистік роман, поэмалардың сюжеті мен композициясы сыяқты етіп келтірген еді. Тегі Мұхаметжанды шығарманың сюжеті мен композициясын құруға шебер ақын деуге болады.

Мұхаметжан Сераллиннің үшінші поэмасы «Рустем-Зораб». Ол орыс тілінен аударылып, «Айқап» журналының 1914 жылғы 22, 23, 24-сандары мен 1915 жылғы

2, 3, 4, 5, 9 сандарында басылады, бөлек кітап болып шықпайды.

Мұхаметжан поэмаға ұзақ түсінік жазған. Онда, біріншіден, поэманы кімнен, қалай аударғаны айтылған. «Қадірменді оқушыларымыздың алдына салып отырған мына «Рустем-Зораб» қиссасы фарсы тілінде жазылған атақты «Шаһнама» деген кітаптың бір саласы. Рюккерт деген немістің бір ақыны «Рустем-Зораб» қиссасын «Шаһнама» дан алып, біржағы тәржіме, бір жағы ұй-қастыру секілді қылып немісше жазған... Соны орыс ақыны Жуковский 1846—1847 жылдары орысша өлең қылып, арттырып, кемітіп, қалыбына лайықты істеп шығарған. Мен оны шамамнан келгенше қазақ тіліне Жуковскийдің шығарған қалыбынан тым алыстатпай аударуға тырыстым» — деген.

Мұнан кейін ол «Шаһнама» және оның авторы, жазылу тарихы, қай тілдерге аударылғаны, соның ішінде қазақ тіліне де аударылғаны («Мұнан жыйырма-жыйырма бес жыл бұрын Ақмешіт шәһерінде Ораз молда деген бір найман «Шаһнаманы» қазақшаға аударған екен. Баспа болып шыққан шықпағанын білмедім» — дейді), жер жүзі әдебиетіне тигізген әсері жөнінде қысқаша мәлімет береді:

«Шаһнама» жыры дүниеге таралған соң мұның ақындарға зор әсері болған... Осы күнде қарасақ Фердаусидің астамдықпен айтқан:

«Мен өзімнің жырыммен  
Биік сарай салдырдым,  
Жел, жаңбыр оған жетпестей.  
Өлсемде тірі болармын,  
Ақылы барлар оқырлық  
Жыр жазған кітап калдырдым.  
Өмірге өшіп кетпестей»

— деген сөзі түп-түгел расқа шығып отыр» — дейді.

Ақырында, Мұхаметжан поэмаға ұзақ түсінік жазған мақсатын түсіндірді.

В. А. Жуковский аударған, жазған «Рустем-Зораб» он кітап: «Рустемнің аңға шығуы», «Зораб», «Хеджир және Гурдаферид», «Рустем және Кейкуат», «Ақсарайдағы той», «Зораб және Хеджир», «Рустем-Зораб (бірінші ұрыс)», «Рустем-Зораб (екінші ұрыс)», «Рустем-Зораб (үшінші ұрыс)», «Рустем» — деп аталады.

Мұхаметжан қазақ тіліне аударғанда осыдан тек бі-

рінші кітаптың ғана атын қойған да, басқаларының аттарын қоймаған, «Екінші кітап», «Үшінші кітап» деген сыяқты кітаптың ретімен атаған.

Поэма кішкене кіріспемен басталады. Оның орысшасы былай:

Из книги царственной Ирана,  
Я повесть выпишу для вас  
О подвигах Рустема и Зораба.

Мұхаметжан соны былай аударған.

Ау, азамат, мырзалар,  
Жыр жырлауға азығ-ақ,  
Сіздерден жауап сұраймын.  
«Шаһнамадан» көшіріп,  
Иран жұрттың ерлері  
Рустем мен Зораб жайынан.  
Жалықпай құлақ салыңыз,  
Азғана кеңес құрайын — деген.

Поэманың басы орысша былай басталады:

Заря едва на небе занялася,  
Когда Рустем, Ирана богатырь,  
Проснулся. Встав с постели, он сказал:

Осыны Мұхаметжан былай аударған:

Бір заманда, бір күнде,  
Таң сарғайып атқанда,  
Иранның ері Рустем ер,  
Төсегінен тұрыпты.  
Өзі мен өзі ыңыранып,  
Әңгіме кеңес құрыпты — деп қыйыстырған.

Поэманың екінші кітабының басы орысша былай басталады:

Пора пришла и у Темины  
Родился сын, прекрасный,  
Как месяц. Радостно, горестно его  
Прижала к сердцу мать и со слезами  
Им любовалась: он был вылитый Рустем.

Осыны Мұхаметжан:

Күні жеткен шағында,  
Тамиден бір ұл туған  
Толған айдай балқыған,  
Иісі жұпар аңқыған.  
Қуанышы мен қорқынышы

Араласқан анасы  
Баласын басып жүрекке  
Шалқар көлдей шалқыған,  
Нағыз Рустем сыйпаты — деп аударған.

Осы келтірілген мысалдардан Мұхаметжан Сералиннің «Рустем-Зораб» поэмасын орысшадан дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармай, еркін аударған: оның кей жерін кеңейтіп, кей жерін қысқартып кетіп отырған, кей жерін дәл аударып, кей жерінің мағнасын ғана берген.

Оның үстіне, Мұхаметжан өлең аударуға шебер емес, Оның өлеңдерінің кейде ұйқасы жетпей жатады, кейде көрікті кестесі болмайды. Сондықтан біз «Шаһнама» жақсы аударылған деп айта алмаймыз.

Бірақ, қалай аударса да, бір саласын ғана аударса да, жер жүзі әдебиетінің асыл қазыналарының бірі болған «Шаһнаманы» ол заманда қазақ тіліне аудару әрі үлкен ерлік, әрі тарихи, мәдени мәні зор жұмыс.

Мұхаметжан Сералиннің орыс тілінен аударған екінші шығармасы «Жусан». Ол қазақ тұрмысынан, Қазақстан туралы көптеген әңгіме, очерк, мақала жазған Сибирь жазушысы Антон Сорокиннен (1924 жылы қайтыс болған) аударылып, «Айқап» журналының 1915 жылғы бірнеше санында басылды. Онда қазақ даласының суреті беріледі.

Міне, Мұхаметжан Сералиннің революциядан бұрынғы өзі жазған, орыс тілінен аударған әдеби шығармалары осылар. Бұлар акынның сол заманда-ақ қолынан келгенінше халыққа, қазақ әдебиетіне қызмет етуге тырысқанын көрсетеді.

Мұхаметжан Сералиннің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жазған әдеби шығармалары: «Ленин», «Қайғылы қара күндер», «Жоктау». Міне бұлардың бәрі де адам баласының асқан данышпаны, еңбекші халықтардың ұлы көсемі В. И. Ленинге арналған.

Мұхаметжан «Ленин» деген өлеңін 1924 жылы, Ленин қайтыс болғанда жазған. Онда ақын:

...Ес білгеннен түскенсін  
Өзгерістің соңына,  
Басын жыйнап жарлының  
Бастадың шындық жолына...  
Жарлымын десе көз салдың  
Ашы менен тоғына.  
Аудырмай көшті бастадың  
Бөліп бердің жоғына.



Кемесін судан өткіздің  
Соқтырмай құрған торына...

Мезгілсіз қайттың дүниеден  
Теңі жоқ асқан зерегім!  
Саспайтын, жаза баспайтын  
Қырағы, кемел ер едің! — дейді.<sup>1</sup>

«Қайғылы қара күндер», — бұл очерк. Онда автор өзінің съезд делегаты ретінде Ленин денесін Горкадан Москваға алысып келуге барғанын, соны алып келе жатқанда көргенін, ойын, сезімін баяндайды. Сол очерктің бір жерінде былай деп жазылған:

«Ленин дүние жүзіндегі кемшілік, қоршылықта жүрген адам заттың, ала құласы жоқ, тегіс қамқоршысы еді. Оның атын білмеген жер жүзінде адам жоқ шығар. Әсіресе, Құншығыстың езілген халқы Ленин жолдасты өте жақсы біледі, жүрегіне өте жақын көреді, һәм мезгілсіз дүниеден қайтқанына қатты қайғырады.

Қош, Ленин жолдас! Сен өлгенмен салған үлгің өлмейді!» — деген<sup>2</sup>.

«Жоқтау» деген өлеңін Мұхаметжан 1924 жылы жазып, сол жылы апрельде, В. И. Лениннің туған күніне байланысты жариялаған. Ол былай болып келеді:

Ортақшыл елдің көсемі,  
Кедейлердің шешені,  
Қайғыға салып көп жұртты  
Дүниеден бітті есебі...

Кетсең де сенің жолыңнан  
Ортақшылдар адаспас,  
Езілген кедей табына  
Ортақшылдар болар бас.

Аламыз деп біздерді  
Қызықпасын көп дұшпан.  
Жер жүзіне жайылған  
Жұдырық жер көп достан...<sup>3</sup>

<sup>1</sup> «Таң өлеңдері» (жыйнақ), 1925 жыл, Москва, Құншығыс баспасы.

<sup>2</sup> «Еңбекші қазақ», № 165, 13 февраль, 1924 жыл, Орынбор.

<sup>3</sup> «Ауыл» газеті, № 16 (31), 22 апрель, 1924 жыл, Қостанай.





## МҰХАМЕТЖАННЫҢ ПУБЛИЦИСТІК ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мұхаметжан Сералиннің журналистік қызметі екі дәуірге, публицистік шығармалары екі топқа бөлінеді. Оның біріншісі— Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы журналистік қызметі, «Айқап» журналында басылған мақалалары; екіншісі— Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі журналистік қызметі, «Ұшқын», «Еңбекші Қазақ», «Ауыл» газеттерінде басылған мақалалары.

«Айқап» журналында Мұхаметжан Сералиннің, ірілі-уақты, қырықтан аса мақаласы басылған. Бұл мақалалардың көпшілігі сол замандағы қазақ халқының саяси, шаруашылық, мәдени халі мен болашағы туралы жазылған. (Қырықтан аса мақаласы басылған дегенде біз оның тек өзі «М. С.», «Мыс», «Басқарушы», «М. Сералин» деп қол қойған мақалаларын ғана айтып отырмыз).

Мұхаметжан Сералиннің публицистік стилінің бір ерекшелігі — ол мақалаларының көбіне саралап, арнай ат, тақырып қоймайды, көбін күнделік, хат сыяқты етіп: жазған жерін, айын, жылын тақырып етіп қойып, мысалы, «Шәһәр Тройцкі, февраль, 1911 жыл» деген сыяқты ат қойып жазады; бір қатарын «Басқарушыдан», «Оқушыларға», «Сұрауларға жауап» деген сыяқты бірыңғай, ұқсас аттар қойып жазған.

Мұхаметжан Сералиннің бір мақаласында бірнеше мәселені сөз ететіні де, әр түрлі тақырыпқа жазылған бірнеше мақаласының бір аттас болып келетіні де болады. Сондықтан оларды талдағанда бір мақаланың бірнеше рет аталуы, бір аттас мақалалардың әр жерде кездесуі мүмкін.

Мұхаметжан Сералиннің «Қызмет иесі мырзаларға», «Қадырман оқушыларға!», «Басқарушыдан», ««Айқап» оқушыларға», «Шәһәр Тройцкі, 30 декабрь, 1911 жыл», «Басқармадан» деген сыяқты бір қатар мақалалары «Айқап» журналы туралы, соның аты, мақсаты, жылдық жұмысының қортындысы, алдағы уақыттағы міндеттері туралы жазылған.

Мысалы, ол «Қызмет иесі мырзаларға» деген мақаласында: «Журнал шығарудан мақсат атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды... Журналымызға «Айқап» деп есім бердік... Біздің қазақтың «Айқап!» демейтұғын қай ісі бар!... «Қап» дегізген, қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды!»<sup>1</sup> деп жазады.

«Құрметті оқушылар!» деген мақаласында ол «Айқап» журналын жұрттың оқый бастағанына жыл толғанын, «Айқап» журналы жер мәселесі туралы жұрттың ойын қозғауға себеп болғанын, халық соты, әйел теңдігі, балаларды оқыту, сайлауға таласудың зыяны жөнінде бірсыпыра мәселелерді көтергенін айтты.

Журналдың 1912 жылғы бірінші санында басылған «Қадырман оқушылар!» деген бас мақаласында «Айқап» тың алдағы уақыттағы міндеттерін санап көрсеткен.

«Айқап» журналы шығуының тоқтауымен байланысты 1915 жылы, август айындағы жазған «Басқармадан» деген мақаласында, Мұхаметжан журнал жұмысының барлық нәтижесін қорытқан. Соғыс, қымбатшылық себепті енді журналдың жабылатынын айта келіп:

«Ал, енді, азаматтар! «Әркім барына мәзір» деген ғой. Біз қолымыздан келген жұмысымызды жұмсаудан тартынбай, қазақ жұртымызға азда болса, бір соқпақ жол болсын деп, бастап журнал шығардық. Мақсатымыз дүние жыйып, байымақ, пайдаланбақ емес, тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді. Білгенімізді жаздық, айттық. Жазылған сөзімізде, ойлаған ойымызда қатеміз көп болған шығар... Алайда, не жазсақ та таза жүрек, таза ниетпен жазып едік. Соның үшін азаматтар бізді айыптамас деп үміт етеміз.

Журнал шығарғандағы мақсатымыз — халыққа жол көрсетпек еді. Газет, журнал шығару қазақ жігіттерінің қолынан келетін жұмыс екендігін дәлелдеу еді. Біз бұл

<sup>1</sup> «Айқап», № 1, 1911 жыл, 2-бет.

мақсатымызға жеттік. Ендігі жұмыс оқыған жастардың мойнында.

Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды...  
Біз болмасақ сіз барсыз  
Желкілдеп шыққан жас шөптей,  
Үміт еткен достарым,  
Сендерге бердім батамды»<sup>1</sup> — дейді.

Сонымен, «Айқап» журналының, онда Мұхаметжан Сералиннің алдымен қолға алған, көп жазған негізді, маңызды мәселесі — жер мәселесі, отырықшы болу, егін кәсібімен айналысу, поселке болып, қала салу мәселелері болды. Бұл мәселелер жөнінде Мұхаметжан өзінің «Қазақ халқының мұқтаждығы», «Біздің бұрынғы һәм кәзіргі халіміз», «Шәһәр Тройцкі, март, 1912 жыл» «Келешек заманымыздың қамы», «Жер әңгімесі», «Отырықшы болған қазақтар туралы», «Шәһәр Тройцкі, 15 февраль, 1914 жыл», «Ескі жыр» деген мақалаларында сөз етеді.

Мысалы, «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақаласында, ол «қазақ халқының кәзіргі тілегі қалай болғанда да жерге орналасу, қала болу, егін пайдасына жарайтын жерлерді сақтап қалу. Бұдан бізге келетін екі-үш түрлі пайда бар: біріншіден, өзіміз сұранып қала салсақ, азда болса егін салуға қолайлы жерлерге ие болып қаламыз, екіншіден, мектеп, медресе ашып, балаларымызды оқытып, сүйікті отанымыз болған Россияның пайдалы жұртының бірі боламыз» дейді.

«Біздің бұрынғы һәм кәзіргі халіміз» деген 1911 жылғы жазған мақаласында Мұхаметжан осы пікірлерін тағы қайталайды.

«Шәһәр Тройцкі, март, 1912 жыл» деген мақаласын отырықшы болу, қала салу неліктен пайдалы деген оқушылардың сұрауларына жауап етіп жазған. Осы мақаласында да Мұхаметжан «жер алып, қала салу пайдалы. Қала салып, қазақ бір жерге басын қосса, халық халықтығын жоғалтпайды» деген пікірлерді айтады.

Мұхаметжан Сералиннің осы пікірін, жер мәселесі жөніндегі Бакытжан Қаратаевтың мемлекеттік екінші Думада сөйлеген сөзін кейбіреулер теріс, олар Қазақстанға көшпенділерді келтіруге, қазақ халқы мен орыс

<sup>1</sup> «Айқап», № 14, 208—209-беттер, 28 август, 1915 жыл.

халқының араласуына, достасуына қарсы болды; бұлары ұлтшылдық еді дегенді айтады.

Бұл дұрыс емес. Себебі Мұхаметжан Сералин де, Бақытжан Қаратаев та Қазақстанға қоныстанушылардың келуіне қарсы болған жоқ, оларды патша өкіметінің әкеліп қоныстандыру әдісіне қарсы болды. Мысалы, Б. Қаратаевтың Думада сөйлеген сөзін алсақ, онда ол былай дейді:

«Біз шаруа бауырларымыздың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және сеземіз, біз рыйзашылығымызбен ығысып, орын беруге әзірміз, бірақ басы артық жерлер өте аз, ал көшіп келу кәзіргі кезде киргиз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен ұштасып жатыр... Киргиздерді жерлерінен емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп жатыр. Киргиз-қайсақтар әрқашан оппозициялық фракциялардың бәріне іш тартып отырады»<sup>1</sup>.

Сонымен, Б. Қаратаев, М. Сералин патша өкіметінің Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандырғанда қазақтарды қонысынан көшіруіне, үй-жайларынан қуып шығуына қарсы болды. Бұлары өте орынды еді.

Бірақ Қаратаев та, Сералин де патша өкіметі тұсында патша өкіметі құрған Думаның мәжілісінде бұл ойларын батыл, ашық айта алмады. Сондықтан да Қаратаев «патша өкіметі қоныстандыру ісін қазақ, қырғыз халқын қонысынан көшіру жөнімен жүргізіп жатыр» деудің орнына: «Кәзіргі уақытта қоныстандыру ісі қазақ, қырғыз халқын қонысынан көшіру жөнімен жүргізіліп жатыр»— дейді; «патша өкіметі қоныстанушыларға бос жатқан жерлерді алып бермей, халық пайдаланып отырған жерлерді алып беріп жатыр» деудің орнына: «Артық жер жоқ. Қазақ, қырғыз қонысынан, үй-жайынан қуылып жатыр» дейді; яғни жалпылап, барлық ойын бүркемелеп, астарлап айтады.

Қаратаев 1907 жылы февральда большевиктердің сол кездегі Орынборда, татар тілінде шығып тұрған «Урал» газетінде: қырғыздардың атынан Россия халқына ашық хат жариялайды.

Сол хатта патша өкіметінің қазақ жерін заңды-заңсыз тартып алып жатқаны әрі толық, әрі дәл көрсетілген. «Біз жоғарыда жазылған сөздерді орыс халқына дұшпандықтан айтып отырғанымыз жоқ. Орыс халқы бізге

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 13-том, 417-бет.

дұшпан емес. Біздің бәріміздің дұшпанымыз бір, ол әуелден патша өкіметі» деген.

Мұнан кейін автор жер мәселесін екінші Думаның әрбір халықтың мүддесіне сай етіп шешуін талап еткен. Бірақ Дума жер мәселесін олай шеше алмайды, патша өкіметі құрымай, жер мәселесі дұрыс шешілмейді — дегенді айтқан. Хатқа: «Қырғыздардың уәкілі» деп қол қойған. («Урал» № 10, 7 февраль, 1907 ж.).

«Айқап» журналының 1914 жылғы 3 санында Ә. Бөкейхановтың «Дума депутаттарына ашық хаты» жарияланған. Сол хатта өкімет және қазақтың бір қатар оқығандары қазаққа отырықшы бол, қала сал деп жатыр. Бұл қазақ, орысты аралас отырғызу, қазақты мұсылман дінінен шығару, орыстандыру болады делінген. М. Сералин Бөкейхановтың бұл пікіріне қарсы шығады:

«Россияның бірнеше губернияларында неше жүз жылдардан бері қарай орыстармен аралас тұратын мұсылмандар да бар. Бұлардың мұсылмандығы Ғарапстан мұсылмандарынан кем емес. Кейбір жақтарынан тіпті күштірек те» — деген.

Мұхаметжан Сералин «Келешек заманымыздың қамы», деген мақаласында («Айқап» журналының 4—5 саны, 13 жыл) «Қазақтың осы күнгі қалпы екі жолдың айрығына келіп тоқтаған, қай жолға түсерін анық білмей дағдарған жолаушы секілді. Низам қазақтың алдына екі түрлі жол салып қойған: бірі көшпелілік, яғни еркек, әйелге бірдей, қаз басқан жан басына он екі десятина жер алу, екіншісі — қоныстанушылық, яғни жанбасына онбес десятинадан жер алып, қала салып, отырықшы болу.

Бұл екі жолдың кейінгі нәсіл-нәсбі үшін қайсысы қолайлы болады деп ой жүргізбеген қазақ аз болса керек. Бірақ мұның тыянақты шешуін көрсеткен адам әлі жоқ» — дейді.

Сералин осы мәселені шешу үшін съезд шақыруды талап етеді. Бірақ М. Сералиннің бұл ұсынысын сол кездегі қазақ оқығандарының біразы қолдады да, біразы қолдамады. Қолдамағандары, — кәзір заман тар. Съезд шақыруға өкімет рұқсат бермейді. Берсе, тиісінше, жартымды сөйлесуге, сөз қылған мәселелерімізді өзімізше шешуге ерік бермейді.

Қазақ болып бас қоссақ, біз кемшілікте отырған жетім жұрт өкіметпен екі араны сөз қылмай қоймаймыз.

Мұны осы күнгі газет тілінде саясат дейді. Саясат өкіметке таздың бөркін алғанмен бір есеп,— деді. Яғни бұлар қандай жұмысты болсын құпия жүргізу керек деп білді, әшкере жұмыс жүргізуден бас тартты.

Ал, съезд шақыруды қолдаған оқығандар, керісінше, құпия жұмыс жүргізуден қашты, өкімет, заң ерік берген көлемде әшкере жұмыс жүргізуді мақұл көрді. Съезд бола қалса, бетегеден биік, жусаннан аласа болады. Патшаның жұртқа әйгілі 1906 жылғы, 4 марттағы указы бойынша жұмыс жүргізеді. Осы указ бойынша съезд шақырып, өздерінің мектеп, клуб, түрлі серіктік ашу, жерге орналасу, қала болу сыяқты істерін жүзеге асырып жатқан елдер бар. Біз де солай істейік дегенді айтты,

«... 50—60 үй бір жерге жыйналып, қыстақ болса, орталарынан ынтымақпен арық қазып алса, егін салатын, жоңышқа егетін жерге қожа болар еді. Төртті-бесті үйдің қолынан келмейтін іс көптің қолынан келетінін әркім біледі. Бұл бір.

Екінші төрт-бес үйге бола өкімет мектеп ашпайды. Бұл да анық. Баласын алыс жерге жіберіп оқытуға кедей, жатақтың халі келмейді... 50—60 үй бір жерде болған соң оларға ортасынан қазына есебінен өкімет мектеп ашып беруге тартынбайды...

Дүниеде тіршілік ету бір мал бағу мен балық аулауға ғана тіреліп тұрған жоқ. Тіршілік үшін қыйлы-қыйлы жолдар бар...

Ертеден кешке дейін сөйлеп келгенде сөз ақыры екі нәрсеге тыянақтайды: қала сал, жыйылып отыр, аз да болса, жақсы жерің қолыңда қалады. Мектеп, медресе сал, балаңды оқыт, замана өнерінен сыбаға ал. Сонда адам болып, қатарға қосыласың, халық боласың. Әйтпесе дүние жүзінен жоғаласың» — деді<sup>1</sup>.

Ал, кейін «Қазақ» газеті маңына жыйналған қазақтың бір қатар оқығандары — алашорданың басшылары отырықшы болуға, қала салуға қарсы шықты, қазақ халқының бұрынғыша көшпелі, мал өсіруші жұрт болуын жақтады.

Олар отырықшылықтың, қала болудың қажеті жоқ. Өйткені ол елдің ежелгі қалпын бұзады, шаруашылығын, кәсібін негізінен өзгертеді. Отырықшы болу — егіншілікке айналу болады. Қазақ жері егін салуға қолайлы

<sup>1</sup> «Айқап», № 3, март, 1912 жыл, 53—56-беттер.

емес, тек мал өсіруге ғана қолайлы. Отырықшы болып, бір жерге жыл сайын егін салған соң ол жер тозады, өнімді аз беретін болады. Халықтың шаруашылығы төмендеп кетеді дегенді айтты.

Шынында бұл екі түрлі көзқарас, екі түрлі ұсыныс қазақ арасындағы негізгі екі таптың көзқарасы, мүддесі еді. Мұның біріншісі—қазақтың еңбекші көпшілігінің көзқарасы, мүддесі еді де, екіншісі — қазақтың байлары мен феодалдарының көзқарасы, мүддесі еді.

Өйткені еңбекші бұқараның негізгі күн көрісі жер еді; олар егін салып қана күн көре алатын еді, жерден айрылса, екі қолын төбесіне қойып, тентіреп кететін еді. Сондықтан да олар отырықшы, қала болып, егін салып, жерге ие болып қалуды арман етті. Ал, байлар, феодалдар жерден айрылса, малмен күн көретін еді.

Мұның үстіне халық отырықшылыққа айналып, қала болса, бұрынғы қалпы, бұрынғы шаруашылығы көп өзгеріске ұшырайтын байлар мен феодалдар еді. Еңбекші бұқара — кедей мен жатақтар осы кездің өзінде-ақ отырықшылыққа, егіншілікке бет алып қалған еді. Сондықтан да байлар мен феодалдар бұрынғы көшпелі, мал өсіруші қалыптың сақталуын жақсы көрді, арман етті.

Мұхаметжан Сералин «Аштық қақында» деген мақаласында: «...Жаздай жауын болмағандықтан егін, пішен шықпай, шаруа жайсыз халге қалып тұр. Байлардың малын асырап шығатын шөбі жоқ, кедейлердің малы түгіл өздері ауқат ететұғын азығы да жоқ. Бұл жоқтық кәзір малдың сүті бар болғандықтан оншама халыққа білінбей тұр. Бірақ күз кіріп, қар түсе бастаған кезде ашаршылық кедейлерге біліне бастаса керек...

Жоғарыда айтып едік, іс басында ауқаттылар тұрады деп, олар өздері тоқ болған соң былайғы бұқара халықтың ашын, тоғын ойлай қоймайды.

Аш бала тоқ баламен ойнамайды.

Тоқ бала ешнәрсені ойламайды — деген ғой» — дейді<sup>1</sup>.

М. Сералин «Шәһәр Тройцкі, 31 июль, 1913 жыл» деген мақаласында қазақ арасындағы жетім-жесірлерге камқорлық көрсету, жәрдем ету мәселесін дербес сөз етеді. Сөйтіп, Мұхаметжан Сералин көптеген мақалаларында бұқара халықтың мұң-мұқтажын, зәру қажетін баса айтады, маңызды, күрделі мәселелерді еңбекшілердің,

<sup>1</sup> «Айқап», 7 июль, 1911 жыл, 1—2-беттер.



халықтың мүддесі, көзқарасы тұрғысынан баяндап, шешеді.

Мұхаметжан Сералиннің мықтап қолға алып, сөз еткен маңызды, күрделі мәселелерінің бірі оқу, ағарту, өнер, ғылым, мәдениет, тіл, әдебиет мәселелері болды. Әсіресе бұл мәселелер жөнінде Мұхаметжан «Біздің жастарымыз», «Шәһәр Тройцкі, август, 1911 жыл», «Шәкірттер халінен», «Шәһәр Тройцкі, март, 1912 жыл», «Шәһәр Тройцкі, сентябрь, 1912 жыл», ««Айқап» басқармасының бір өтініші», «Басқармадан өтініш» деген мақалаларында баса айтты.

Мысалы, «Шәһәр Тройцкі, август, 1911 жыл» деген мақаласында Сералин қазақтың оқыған адамдарын халық қамын ойлауға, халыққа қызмет істеуге, халықтың мәдениеті өркендеуіне жәрдемдесуге шақырады.

«Қолымыздан келген қадары халық үшін тырбанайық... Біздер өз міндетімізді басымыздан атқарып, келешекте ғалымдардың шығуына кәзірден бастап негіз әзірлейік. Надандық астында езіліп жатқан бишара халқымыз бір заманда аяққа басып, сүйікті отанымыз болған Россияның... пайдалы, қатардағы азаматтарының бірі болуына тырысайық»<sup>1</sup>.

«Шәһәр Тройцкі, март, 1912 жыл» деген мақаласында Мұхаметжан орыс, өзбек, татар, армян, поляк халықтарының шаруашылығы, тұрмысы, күн көрісі қазақ халқының шаруашылығынан, тұрмыс, күн көрісінен әлде қайда жақсы екенін айта келіп, «бұл неден?» деп сұрау қояды. Оған өзі былай деп жауап береді:

«Бұлардың барлығының себебі жалғыз-ақ нәрсе, ол нәрсе ғылым.

Ғалымдар дүние тіршілігін бір соғыс майданына ұқсатады. Ол соғыс майданын шаруашылық соғысы (орысша экономическая война) деп атайды. Бұл соғыста қан төгілмейді, бірақ, қан төгілген соғыстан да жаман. Шаруашылық соғысында кәсіп, өнер бәсекесі қанды соғыстағы зенбірек, мылтықтан да бетер адам баласын қырады. Бұл соғыста адамы көп женбейді, білігі, ғылымы, өнері артық жұрт жеңеді. Соның үшін балаларымызды ғылым құралымен қаруландыруымыз тиіс...

Үстімізден қарап тұрған үкіметіміз Россия болған соң орыс тілін білу біздерге қарыз деп айтсақ күнәлі болмас-

<sup>1</sup> «Айқап», 8 август, 1911 жыл, 3-бет.

пыз... Россия мемлекетінде бақытты болып тіршілік ету үшін ғылым, өнер керек, орысша тіл білу керек. Бұларды білу үшін мектеп керек...»<sup>1</sup>.

«Басқармадан өтініш» деген мақаласында Мұхаметжан «Айқап» тың оқушыларынан журналға өнер, ғылым, техника жайынан мақалалар, хабарлар жазып тұруды, көркем шығармалар жіберуді өтінген, журналда ондай хабарлар мен мақалаларға кең орын берілетінін хабарлаған.

Сонымен қатар әдебиеттің мәнін, қажеттігін түсіндірген. Бұрынғы әдебиет нұсқаларын, шешен, ақын адамдардың сөздерін жыйнау, жаңа әдебиетімізді өркендету жөнінде келелі пікір айтқан.

Мұхаметжан Сералин бір қатар мақаласында халықтың оқу оқып, өнерге, ғылым мен техниканы меңгеріп, ілгері басуына кедіргі болып отырған кейбір жағдайларды әшкерелеген, қазақтың ескі салтын сынаған.

Бірақ, қазақтың ескі салттары мен кейбір мінез-құлықтарын сынағанда, Мұхаметжан дінді, қожа-молдаларды сынамай, қағаберіс қалдырып отырған. Тіпті қайсыбір реттерде дінді қолдаған.

Кейбіреулер Мұхаметжан Сералин мемлекеттік Дума туралы мақалаларында, әсіресе «Юбилей туралы» деген мақаласында патша өкіметіне дұрыс көзқараста болды — дейді.

Бұл дұрыс емес. Өйткені, «Юбилей туралы» мақалаға қол қойылмаған. Оның Мұхаметжандікі болмауы да мүмкін. Бола қойғанда да онан патша өкіметіне деген жақсы көзқарас көрінбейді.

Мысалы, мақалада Романов тұқымдарының таққа отырғанына 300 жыл толатыны, ол күні юбилей болатыны, оған әр халықтан, соның ішінде қазақтан да өкілдер баратыны айтылады. Автор сол өкілдерге реті келген жерде патшаға, тиісті адамдарға халық мұңын айтындар, мына мәселелер туралы өтініш етіңдер деп тапсырма береді:

- 1) Қазақтан Думаға депутат сайланатын болсын,
- 2) Қазақ жеріне енді шеттен көшпенділер келтіру тоқтатылсын,
- 3) Қазақ, орыс орналасқаннан қалған жер қазақ пайдасына берілсін,
- 4) мал шаруашылығын жаңаша өркендетуге орыспен қатар қазаққа да участок беретін болсын,
- 5) Қазақстандағы қазынадан сатылатын жерлер-

<sup>1</sup> «Айқап», № 3, март, 1912 жыл, 54—55-беттер.

ді орыспен қатар қазақтың да сатып алуына лұқсат етілсін, б) дін туралы, мектеп, медресе ашу туралы, халық сотын өзгерту туралы сұралсын — дегенді айтады. Ақырында Мұхаметжан былай дейді:

«Осы барған мырзалар өздерінің барып, Петерборды көріп қайтқанына мәз болмай, азырақ халық пайдасы туралы оны-мұны ескеріп қайтса дұрыс болар еді. Кенесіп, тиісті орындарға мұң-кұқтажымызды айтып, арыз ұсынса екен... Кезі келгенде мұқтажымызды сұрау өкімет алдында ешбір теріс болмас деп ойлаймын»<sup>1</sup>.

Мұхаметжан Сералиннің Мемлекеттік дума туралы журналда тағы екі мақаласы шыққан. Ол мақалаларында Мұхаметжан Думада қазақ халқынан депутат жоқ екенін, Думаның жабылғанын хабарлайды, бұдан кейін депутат С. Максұтовтың Думадағы сөйлеген сөзінен фактілер мен үзінділер келтіреді.

Бұл келтірілген фактілер мен үзінділер патшаны, оның өкіметін мадақтау емес, мінеу; оған жалыну емес, талап қою, жағыну емес, налу, патша өкіметінің қазақ халқы жөніндегі отаршылдық саясатына құлдық қылу емес, наразылық білдіру.

Міне, Мұхаметжан Сералиннің Октябрь революциясынан бұрынғы журналистік қызметі мен «Айқап» журналында шыққан мақалаларының тақырыбы, мазмұны, мән-жайы осы. Бұл Сералиннің жалпы алғанда прогресшіл, демократ-ағартушы болғанын айқын сыйпаттайды.

Мұхаметжан Сералиннің Октябрь революциясынан кейінгі, 1918—1928 жылдар арасындағы журналистік қызметі мен «Ұшқын», «Еңбекші Қазақ», «Ауыл» газеттерінде шыққан мақалалары әлі жете, толық зерттелген жоқ. Алайда, қолда бар мәліметтерге қарап, Мұхаметжан бұл кезде де саяси, шаруашылық, мәдениет мәселелері туралы көптеген маңызды мақалалар жазды деп тұжырымды айтуға болады.

Мәселен, біз «Ауыл» газетінің 1923 жылғы бес номерін, 1924 жылғы бес номерін, 1925 жылғы бір номерін қарап шықтық. Газеттің осы 11 номерінде Мұхаметжан Сералиннің 15 шақты мақаласы шыққан.

Бұл жазылған мақалаларды тақырыбына қарай жіктесек, олардың халықаралық жағдай туралы, тарихи мейрамдар мен саяси-шаруашылық мәселелер туралы,

<sup>1</sup> «Айқап», № 3, февраль, 1913 жыл, 49—51-беттер

Ленин туралы, мәдениет мәселелері туралы, тағы басқалар — жөнінде жазылғанын көреміз.

Жұртқа мәлім, қазақтың Мұхаметжан Сералин сыяқты ерте уақытта оқыған, қоғамдық жұмыстарға араласқан бір қатар қызметкерлерінде революцияның алғашқы жылдарында әрі-сәрілік, ауытқушылық, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жолын аңғармаушылық болды, хателер жіберді, теріс, жат көзқарастарды үгіттеді.

Ал Мұхаметжан Сералинде ондай ауытқушылық болмаған. Ол бірден коммунистік партия мен Совет өкіметінің жолын дұрыс түсініп, соны үгіттеген; саяси көзқарасы тыянақты коммунист болған.

Мұхаметжан Сералин 1924 жылы, апрельде В. И. Лениннің туған күніне байланысты «Ленин және ұлт мәселесі» деген үлкен мақала жазған. Онда автор ұлт мәселесін түсінуде, шешуде әр түрлі ағымдар, теріс бағыттар болғанын айта келіп, Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі жолын түсіндіреді:

«Ленин жолдастың нұсқауы бойынша әр ұлт өз тағдырын өзі шешуге ықтыярлы болу керек. Басқа бір ұлтпен қосылып, бірігіп күнелтсе де, немесе, жеке, өз бетімен тұрамын десе де, оларға жол берілсін деген. Мұнан басқа ұғынулардың барлығын Ленин жолдас теріс деп тапқан... Ленин жолдастың жаққан шырағының жарығы езілген ұлттар қонысының ең қараңғы түкпіріне дейін түсіп, кемшілік-қоршылықта жүргендердің сөнген көңілінде үміт отын жандырып отыр».

Мұхаметжан Сералиннің елімізде автономиялық республикалардың құрылуы, олар Советтік Социалистік Республикалар Одағы болып бірігіп, оның Орталық Атқару Комитеті екі палаталы болып құрылуы туралы жазған «Ұақ ұлттар тіршілігіндегі тағы бір жаңа адым» деген мақаласы былай болып келеді:

«Бұрын құлдықта жүріп, езілген ұлттарды бостандыққа шығарушы, басқаша айтқанда, ұлт мәселесін әділ және дұрыс шешуші жалғыз-ақ Коммунистік партия мен Коммунистік партия бастаған Совет үкіметі екендігі қайта-қайта жазылып, оқушыларымыздың құлағына сіңіп келе жатқан әңгіме.

Бүкіл дүние жүзін алмай-ақ, өзіміз мекендеген Россия мемлекетін мысалға алсақ мынаны көреміз: бұрын кемдікте, қорлықта, құлдықта болған, қолы ештеңеге жетпей, сорлап жүрген саны азғантай бұратаналар Со-

вет өкіметінің әділ саясаты арқасында автономия алып, өз тағдырын өздері шешуге қолдары жетіп отыр.

Совет үкіметі беріп отырған автономияның өзгешелігі мынада: әуеден шұға жауғанда ұлтарақтай киіз тимейтін, саны аз бұратаналарға (ойрат, чуаш, чермиш, карел, сыяқтыларға) автономия тиіп отыр.

Бұл автономия әлі түгел емес деп, коммунистер автономия алғандардың правосын жылдан-жылға кеңейтуге, мәдениет пен шаруашылық жағынан артта қалған надан елдерді көтермелеп, алдыңғы қатарлы орыс жұмысшы табымен және шаруаларымен теңелуге барлық күшін салып жатыр.

1923 жылдың бірінші январынан бастап одақтар бірлігінің Атқару Комитеті (Союзный ЦИК) құрылғандығы әркімге мәлім. Екі палаталы одақтар бірлігінің атқару комитетінің Ұлттар палатасына Россия Одағындағы қай ұлттан болса да уәкіл кіріп отыр. Көпшілік ұлттар кеңесі жағында. Одақтар бірлігі Атқару Комитетінің жанада болып өткен үшінші сессиясында «Ұлттар кеңесінің» праволары туралы жасалған заң жобасы бекітілді. Бұл заңда одақтар бірлігінде жүзеге асырылатын заңдар ұлттар кеңесінің шешімі бойынша қабылданады, делінген.

Мұндай кең, мұндай зор право ешбір елде, ешбір буржуазия мемлекетінде ешбір заманда берілген емес. Бұл тарихта бұрын-соңды болған уақытқа емес...».

Бұл келтірілген мәліметтер Мұхаметжан Сералиннің Октябрь революциясын, оның сол кездегі ішкі-сыртқы жағдайын, міндетін, Коммунистік партия мен В. И. Лениннің тарихи ісін, ролін, ұлт мәселесін дұрыс түсінгенін айқын дәлелдейді.

Мұхаметжан Сералиннің журналистік таланты Октябрь революциясының арқасында шарықтап, кең өріс алды. 1918—1928 жылдар арасында ол ұшқыр қаламды, алғыр ойлы, өткір тілді журналист болды. Осы кездің өзінде-ақ Мұхаметжан коммунистік партияның мүшесі болып, марксизм-ленинизм ғылымымен қаруланды, дүниені, қоғамды ғылыми тұрғыдан таныйтын, жаңа идеялы адам болды.

Бұл жылдары Мұхаметжанның тақырыбы өте бай болды. Ол бұрын, «Айқап» та тек қазақ халқының әлеуметтік өмірінің бір қатар маңызды мәселелері туралы ғана жазатын болса, Октябрь революциясынан кейін ол халықаралық жағдайдың, бүкіл Советтер Одағының, со-

ның ішінде Қазақ республикасы қоғамдық өмірінің маңызды мәселелері туралы жазатын болды.

Бұрын, «Айқап» журналында Мұхаметжан патша өкіметінің цензурасынан именіп, көп мәселелер жөнінде жазуға алмаушы еді, ойын, мақсатын еркін, ашық айталмаушы еді. Октябрь революциясынан кейін ол Социалистік отанның, коммунистік партияның күнделікті тұрмыста алға қойған қандай мәселелерінен болса да жазуға ерікті болды. Не туралы жазса да, ой-пікірін ашық айтатын болды, Коммунистік партия мен совет өкіметінің жолын, саясатын насихаттады.

«Айқапта» шыққан мақалаларында Мұхаметжан діни сөздер мен атауларды, татарша, арап-фарсыша сөздерді араластырып отыратын еді. Сөйлемін кейде татар тілінің сөйлем құрау тәртібімен, кейде орыс тілінің сөйлем құрау тәртібімен қыйыстыратын; Октябрь революциясынан кейінгі мақалаларын таза, нағыз қазақ тілінде, қазақтың бүгінгі әдеби тілінде жазды.

Мұхаметжан Сералин журналистік стилінің бір ерекшелігі — ол ой-пікірін қыйсынды келтіреді: жүйелеп, мысалмен, мақал-мәтелмен дәлелдеп, өткір тілмен, көрікті сөздермен суреттеп айтады. Бәрі де үгіт-насихаттық әуезбен, ұғымды, көңілге қонымды болып келеді.

\* \* \*

Мұхаметжан Сералин қазақ тілінде тұңғыш рет «Айқап» журналын шығарды; «Айқап» бірқатар қатасы, кемшілігі бола тұрса да, жалпы алғанда, демократтық-ағартушылық бағытта болды, қазақ тарихында прогресшіл роль атқарды: халықтың оянуына, саясат, шаруашылық, мәдениет жақтан өсуіне көп әсер етті.

Мұхаметжан Сералин «Айқап» арқылы, өзінің шығармаларымен қазақ халқының Абай мен Ыбрай негізін салған жана әдебиетінің ХХ ғасыр басында өркендей түсуіне атсалысты. Оның «Топжарған», «Гүлкәшима» деген поэмалары өз заманындағы жаңа, тұңғыш тарихи-реалистік, реалистік-романтикалық поэмалардан саналады.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін Мұхаметжан Сералин партияға кіреді; партия, совет жұмыстарына қызу араласады; талай рет жауапты қызметтерде болады.

Мұхаметжан Сералин қазақтың тұңғыш советтік баспасөздеріне — «Ұшқын», «Еңбекші Қазақ» газеттеріне

қатынасып, 1921—1926 жылдары «Ауыл» газетінің редакторы болып тұрып, халық арасында партия мен өкіметтің жолын, күнделікті саясатын, ауылды советтендіру жөнінде жүргізген шараларын насихаттайды. Адамзаттың асқан данышпаны, ұлы көсеміміз В. И. Ленин туралы бірнеше көркем шығармалар жазды.

Сонымен, Мұхаметжан Сералин қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы әрі көрнекті қоғам қайраткері, әрі көрнекті журналисі, ақыны.





## М А З М У Н Ы

	Беті
Автордан . . . . .	2
Мұхаметжан Сералиннің өмірі мен қоғамдық қызметі . . . . .	3
Мұхаметжанның әдеби шығармалары . . . . .	10
Мұхаметжанның публицистік шығармалары . . . . .	24

---



**Кенжебаев Бейсембай**  
**МУХАМЕДЖАН СЕРАЛИН**  
**КАК ЖУРНАЛИСТ**

(на казахском языке)

Редактор *Ш. Кожаметов*. Обложка худож. *Н. И. Козлова*.  
Худож. редактор *П. Л. Дубров*. Техн. редактор *М. В. Злобин*.  
Корректор *С. Байбекова*.

---

Сдано в набор 20/XII 1956 г. Подписано к печати 9/II 1957 г.

Формат 84×108 —1,25=2,05 п. л. (1,9 уч.-изд. л.).

Тираж 10 000. УГО1240.

Казгосиздат, г. Алма-Ата, ул. Панфилова, 129.

Цена 35 коп.

---

Заказ № 2. Типография № 2 Главиздата Министерства культуры КазССР  
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 35. т





35 m